

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 9 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат):

1) 2-баптың 1-тармағындағы "қатынастарды реттейді" деген сөздер "қатынастарға қолданылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бап мынадай мазмұнда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) табиғи монополия субъектісінің аффилиирленген тұлғасы - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) табиғи монополия субъектісі қабылдаған шешімге, оның ішінде шарттың, ауызша шартты немесе өзге мәмілені қоса алғанда, күшіне орай әсер ету мүмкіндігі бар (берілген өкілеттіктер шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) тұлға, сондай-ақ оған қатысты табиғи монополия субъектісінің осындай құқығы бар кез келген тұлға;

2) уақытша өтемдік тариф - табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға келтірген залалдарына өтем жасау мақсатында уәкілетті орган белгілеген тариф (баға, алым с т а в к а с ы) ;

3) уақытша төмендету коэффициенті - тұтынушылар мен табиғи монополия субъектісінің мүдделерін қорғау мақсатында уәкілетті орган белгілеген және тарифке (бағаға, алым ставкасына) қолданылатын шама;

4) жалпыға бірдей қызмет көрсету - табиғи монополиялар субъектілері жұмысын жүзеге асыратын және қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсына алатын Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағында табиғи монополиялар субъектілерінің барлық тұтынушыларға қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуы;

5) тұлғалар тобы - табиғи монополия субъектісінің дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) он және одан да көп процентін иеленуші, келісім нәтижесінде бірлесіп тікелей немесе жанама шешім белгілеуге және (немесе) табиғи монополия субъектісінің қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге құқығы бар жеке және (немесе)

з а ң д ы

т ұ л ғ а л а р д ы ң

ж и ы н т ы ғ ы ;

б) ұзақ мерзімді кезең - бес жылдан астам уақыт аралығы;

7) табиғи монополия - қызметтердің белгілі бір түрін (тауарлардың, жұмыстардың) өндіру мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне байланысты қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) осы түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдай жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын қызметтер көрсету (тауарлар, жұмыстар) рыногының жай-күйі;

8) инвестициялық бағдарлама - жаңа активтерді жасауға, қазіргі бар активтерді кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын техникалық-экономикалық тиімділік алу мақсатында қысқа мерзімді, орташа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кезеңге қайта жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған бір немесе бірнеше инвестициялық жобаларды қамтитын қаражаттарды салу және қайтару бағдарламасы;

9) инвестициялық жоба - жаңа өндірістерді салуға, қолданыстағыларын кеңейтуге және жаңартуға инвестицияларды көздейтін іс-шаралар кешені;

10) инвестициялық тариф (баға, алым ставкасы) - жаңадан құрылған объектілерде көрсетілетін табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) уәкілетті орган бір инвестициялық жобаның шеңберінде бекіткен, салынған инвестициялар толық өтелгенге дейін қолданылатын тариф (баға, алым ставкасы) немесе оның шекті деңгейі;

11) қысқа мерзімді кезең - бір жылға дейінгі уақытты қоса алғанда уақыт аралығы;

12) амортизациялық аударымдардың қаражатын мақсатқа сай пайдаланбау - бекітілген тарифтерде (бағаларда, алымдар ставкаларында) және (немесе) тарифтік сметаларда амортизациялық аударымдардың есебінен көзделген қаражатты реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) пайдаланылатын тіркелген активтегі күрделі қаржы салымдарына және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтаруға байланысы жоқ мақсаттарға жұмсау;

13) тұтынушы - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланушы жеке немесе заңды тұлға;

14) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі - орташа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кезеңге бекітілетін, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне (тауарға, жұмысқа) арналған тарифтің (бағаның, алым ставкасының) ең ж о ғ а р ы ш а м а с ы ;

15) жария тыңдау - табиғи монополиялар субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтің (бағаның, алым ставкаларының) немесе оның шекті деңгейінің жобасын депутаттарды, мемлекеттік органдардың, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды, бұқаралық ақпарат құралдарын және табиғи монополиялар субъектілерін шақыра отырып талқылау рәсімі;

16) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) - табиғи монополия аясындағы табиғи монополия субъектісі ұсынатын және қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыға белгілі бір тауар беру түрінде ұсыну жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті орган мемлекеттік реттеуге жататын қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

17) орташа мерзімді кезең - бес жылға дейінгі уақытты қоса алғанда бір жылдан асатын уақыт аралығы;

18) табиғи монополия субъектісі - табиғи монополия жағдайында тауарлар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

19) табиғи монополия аясы - жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға табиғи монополия субъектісі болып танылуы мүмкін қызмет көрсету (тауарлар, жұмыстар) нарығында туындайтын қоғамдық қатынастар саласы;

20) тариф (баға, алым ставкасы) - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) уәкілетті орган бекіткен құнының ақшалай көрінісі;

21) тарифтік смета - уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бойынша жыл сайын және (немесе) орташа немесе ұзақ мерзімді кезеңге бекітетін кірістер мен шығыстар баптары, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері;

22) техникалық сараптама - қолданысқа енгізілген активтердің техникалық жай-күйін (техникалық сипаттамаларын) және активтерді жұмыс істеуін қалпында ұстауды қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізу қажеттігін, өндіріс технологиясының, материалдық, еңбек шығындарының белгіленген нормаларға сәйкестігін қоса алғанда, технологиялық процестің тиімділігін талдау, инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажеттігін, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша негізгі құралдарды іске қосудың деңгейін және олардың дұрыс бөлінуін талдау;

23) уәкілетті орган - табиғи монополия аясындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

24) қаржылық сараптама - табиғи монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарын және уәкілетті органның шешімдерін орындауын бағалау мақсатында олардың қаржы-шаруашылық қызметін, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес өзге қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлінуін, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне қолданылатын

тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) әсерін талдау, тарифтік сметаның орындалуын және есепке алу саясатының сақталуын, инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобалардың орындалуын тексеру (б а ғ а л а у) ;

25) төтенше реттеуші шаралар - азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында уәкілетті орган қолданатын шаралар.";

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Табиғи монополиялар аясы

1. Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар аясына мынадай қызмет көрсетулер (тауарлар, жұмыстар):

1) мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыр жолдары арқылы тасымалдау жөніндегі;

2) газды немесе газ конденсатын сақтау, магистральдық және (немесе) тарату құбыр жолдары арқылы тасымалдау, газ тарату қондырғыларын және олармен байланысты газ таратушы газ құбырларын пайдалану жөніндегі;

3) электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) бөлу жөніндегі;

4) жылу энергиясын өндіру жөніндегі;

5) электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі;

6) магистральдық темір жол желілерінің;

7) кірме жолдардың;

8) әуе навигациясының;

9) порттардың, әуежайлардың;

10) телекоммуникациялар көрсететін әмбебап қызметтерді қоспағанда, қызметтің осы түрлерін көрсетудің технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникациялар қызметі;

11) телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланудағы телекоммуникациялар желілеріне қосуға технологиялық жағынан байланысты кәбілдік кәріздер мен өзге де негізгі құралдарды мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі;

12) су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелерінің;

13) почта байланысының жалпыға бірдей қолжетімді қызмет көрсету жатады.

2. Уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында тізіп көрсетілген табиғи монополиялар аясының табиғи монополия субъектілері осы сала шеңберінде көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) реттеліп көрсетілетін қызметтер қатарына жатқызу мәніне талдау жасауды жүзеге асырады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тізбесін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Табиғи монополиялар субъектілері республикалық және жергілікті бөлімдерден тұратын Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты түрлерін көрсете отырып енгізілуге жатады.

Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару тәртібін уәкілетті орган белгілейді.;

4) 5 - б а п т а :

тақырыбындағы "Табиғи монополия" деген сөздер "Табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қызметтер көрсетуге және:

реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан байланысты;

Қазақстан Республикасының почта туралы заңдарында белгіленген; табиғи монополия аясына жатқызылған реттеліп көрсетілетін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) түскен кірістер рынок субъектісінің барлық қызметінен күнтізбелік бір жыл ішінде түскен кірістердің бір процентінен аспаған жағдайдағы; күнтізбелік бір жыл ішінде өзге қызметтің кірістері табиғи монополия субъектісінің барлық қызметінің бес процентінен аспаған жағдайдағы;

табиғи монополия аясында қызметтер көрсететін (тауарлар, жұмыстар) құрылымдық бөлімшенің ұйымдастырушылық және аумақтық окшаулануы мүмкін болмаған жағдайдағы қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар аясына жатпайтын өзге қызметті жүзеге асыруға;

2) табиғи монополия субъектісінің өндіріспен және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынумен, сондай-ақ осы Заңға сәйкес табиғи монополия субъектісі үшін рұқсат етілген қызметті жүзеге асырумен байланысы жоқ мүлікке меншік және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығына ие болуға.;"

4) т а р м а қ ш а д а :

"ұсынылған" деген сөз "реттеліп көрсетілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ескерілмеген" деген сөзден кейін "реттеліп көрсетілетін" деген сөзбен толықтырылсын;

"тарифтерде (бағаларда, алымдар ставкаларында)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасауға;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезде технологиялық циклда пайдаланылатын жеке меншік құқығымен немесе заңды негізде өзгеше тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға, лизингті қоса алғанда, мүліктік жалдауға (жалға беруге);";

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынумен байланысты талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беруге";

7) тармақшада:

"қызметтер" деген сөздің алдынан "реттеліп көрсетілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

"пайдаланған қызмет көрсетулер (тауарлар, жұмыстар)" деген сөздер "реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "қызмет көрсетулерге" деген сөздер "реттеліп көрсетілетін қызметтерге" деген сөздермен, "енгізуге тыйым салынады." деген сөздер "немесе олардың шекті деңгейін енгізуге;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы талап етуге тыйым салынады";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 5-1) тармақшасында көзделген шектеулер осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынатын табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.";

5) 6 - бапта:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) қолданылуы кезеңінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендетуге";

мынадай мазмұндағы 1-3) тармақшамен толықтырылсын:

"1-3) реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін бекітуге арналған өтінімді уәкілетті органның қарауына ұсынуға";

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Қазақстан Республикасының салық заңдары тиісінше өзгертіліп, нәтижесінде

табиғи монополия субъектісі шығынының құны көбейтілсе, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өсіруге;"

6) 7 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) уәкілетті орган бекіткен тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін ескере отырып, мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларды жалпыға бірдей қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) жасағаны үшін олардан өз кассалары, сондай-ақ банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл талап осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды;"

3) т а р м а қ ш а д а :

"ескерілген" деген сөзден кейін "реттеліп көрсетілетін" деген сөзбен толықтырылсын;

"жағдайларда," деген сөзден кейін "реттеліп көрсетілетін" деген сөзбен толықтырылсын;

"жағдайлармен" деген сөзден кейін ", оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізуді тең жағдайлармен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейінен аспайтын бірыңғай тарифтер (бағалар, алым ставкалары) деңгейлері бойынша ұсынуға;"

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыруға;

5) уәкілетті органның талап етуі бойынша қаржы есептілігі мен өзге де қажетті ақпаратты уәкілетті орган бекіткен мерзімде, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, қағазға түсірілген және (немесе) электрондық жеткізгіштер түрінде беруге;"

7) тармақшадағы "аудиторлық ұйымдармен (аудиторлармен) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарында белгіленген аудит жүргізу шартына қосымша талаптарға сәйкес" деген сөздер "осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген, үш жылда бір рет міндетті аудит жүргізетін табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, аудиторлық ұйымдардың (аудиторлардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтас алғанда уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізуге;"

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін өзге де қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасуға;

9) реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есептеу аспаптарын сатып алуға және оларды тұтынушыларға орнатуға;"

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) есептеу аспабы істен шыққан жағдайда, есептеу аспаптарының орташа айлық көрсеткіштері бойынша реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақы өндіріп алуға;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін, тарифтік сметаларды бекіткен кезде ескерілетін инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізуді уәкілетті органмен келісуге;"

12) тармақша "қызметтер" деген сөздің алдынан "реттеліп көрсетілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақшадағы "он күн бұрын" деген сөздер "он күннен кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын, "хабардар етуге" деген сөздерден кейін нүктелі үтір қойылып, "міндетті." деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14)-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес өз қызметіне:
екі жылда кемінде бір рет - қаржылық;

бес жылда кемінде бір рет техникалық тәуелсіз сараптама жүргізуге;

15) Қазақстан Республикасының салық заңдары тиісінше өзгертіліп, соның нәтижесінде табиғи монополия субъектісі шығындарының құны азайған жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендетуге;

16) мүлікті мемлекет меншігіне беру жағдайларын қоспағанда, өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға арналған мүлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен айыруға міндетті.";

7) 10-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) бойынша сатып алуға, есепке алу аспаптарын орнатуды талап етуге не оларды өздері сатып алуға және орнатуға;"

8) 11 - б а п т а :

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ "қызметтерін" деген сөзден кейін "(тауарларын, жұмыстарын)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 13-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін кемсітпей есептеу әдістемелерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;"

10) 14 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша "реттейтін" деген сөзден кейін "және бақылайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "реттеуді" деген сөзден кейін "және бақылауды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қажет болған жағдайда табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптама жүргізуге;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) табиғи монополиялар субъектілері, мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарын бұзған жағдайда оларға орындалуы міндетті ұйғарымдар, соның ішінде табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру туралы және (немесе) мүлікті иеліктен айыру туралы ұйғарымдар енгізуге;"

9-1) тармақшадағы "субъектілерінің" деген сөзден кейін "реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

9-2) және 9-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2) табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметаларын өздері белгілеген тәртіппен өзгертуге бастамашылық жасауға;

9-3) шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін сатып алуға бақылауды жүзеге асыруға;"

9-4) тармақша алып тасталсын;

9-6) тармақша "субъектісінің" деген сөзден кейін "реттеліп көрсетілетін" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-7), 9-8), 9-9), 9-10), 9-11) және 9-12) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-7) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтас алғанда өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындардың және қолданысқа енгізілген активтердің есебін бөлек жүргізу тәртібін бекітуге;

9-8) тағайындалатын оңалтушы басқарушының кандидатурасын және табиғи монополиялар субъектісін оңалту жоспарын келісуге;

9-9) мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгілеген, сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге;

9-10) табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша кірістердің, шығындардың және қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен келісуге;

9-11) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін, тарифтік сметаларды бекіткен кезде ескерілетін инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды келісуге, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларды және инвестициялық жобаларды іске асыру тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру тәртібін бекітуге;

9-12) бағалау қызметі саласында табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын қайта бағалауды жүргізу тәртібі мен шарттарын уәкілетті органның келісімі бойынша бекітуге;"

1 1) 1 4 - 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) табиғи монополия субъектісінің тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін заңсыз арттыруынан және (немесе) нақты орындалмаған жұмыстар құнын тарифке (бағаға, алым ставкасына) немесе оның шекті деңгейіне енгізуімен, тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдарды мақсатсыз пайдалануынан, тарифтік смета шығындары баптарын орындаудың бекітілген мөлшерден бес проценттен астам ауытқуынан тұтынушыларға келтірілген залалдарды өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдауға;"

2) тармақша "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге табиғи монополиялар субъектілерінің өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізуге;

6) м ы н а л а р д ы :

тарифтік сметаларды, тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітудің;

тарифтік сметалардың, тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің жобаларын табыс етудің; уақытша төмендету коэффициентін бекітудің тәртібін айқындауға міндетті.;"

1 2) 1 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мына мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейін бекітумен;

1-2) инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітумен;"

3) тармақшадағы "белгілеумен" деген сөз "бекітумен" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "ерекше тәртібімен жүзеге асырылады." деген сөздер "ерекше тәртібін бекітумен;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5)-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтас алғанда өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындардың және қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізудің тәртібін бекітумен;

6) есепке алу саясатын келісумен;

7) уақытша өтемдік тарифті бекітумен жүзеге асырылады.;"

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудан түсетін кірісі жылына үш жүз елу мың айлық есептік көрсеткіштен немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша жылына елу мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын табиғи монополия субъектілерінің қызметіне Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік реттеудің жеңілдетілген тәртібі қолданылады. Аталған табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдерінің ұсынуы бойынша уәкілетті орган бекітеді.";

1 3) 1 5 - 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "субъектісі қызметтеріне" деген сөздер "субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)" деген сөздермен ауыстырылсын және "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейін" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"қызметтеріне" деген сөздер "реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)" деген сөздермен ауыстырылсын және "тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейі" деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметтерді ұсыну" деген сөздердің алдынан "реттеліп көрсетілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы "тарифті (бағаны, алым ставкасын)" деген сөздерден кейін "немесе оның шекті деңгейін" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшадағы "тарифке (бағаға, алым ставкасына)" деген сөздерден кейін " немесе оның шекті деңгейіне" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "тарифті (бағаны, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін " немесе оның шекті деңгейін" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "тарифке (бағаға, алым ставкасына)" деген сөздерден кейін " немесе оның шекті деңгейіне" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифке (бағаға, алым ставкасына) немесе оның шекті деңгейіне уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есептеу құралдарын сатып алу және орнату шығындары қосылады.";

1 4) 1 6 - б а п т а :

тақырыбы "Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерінің және тарифтік сметаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтағы "Ұсынылатын қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту (өзгерту)" деген сөздер "Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"тарифтік сметаны және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын" деген сөздер "тарифтік сметалардың және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"субъектісі өзінің" деген сөздер "субъектісінің реттеліп көрсетілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі бекітілген жағдайда табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға тарифті (бағаны, алым ставкасын) қарауға өтінімді ол қолданысқа енгізілуден бір жүз сексен күн бұрын ұсынады.";

екінші бөліктегі "тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары)" деген сөздерден кейін " немесе олардың шекті деңгейлері және тарифтік сметалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"субъектісі көрсететін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың)" деген сөздер " субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қырық бес күн" деген сөздерден кейін ", ал тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейін бекіткен жағдайда бір жүз алпыс бес күн" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлемдегі "Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) деген сөздер " Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 1 7 - б а п т а :

тақырыбы "Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерінің және тарифтік сметаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 1-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қолданыстағы тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын өзгертуге өтінімдерді қарауға қабылдаған жағдайда уәкілетті орган қажет болған кезде тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық бірлестіктерін, жобаны ұсынған табиғи монополиялар субъектілерін тарта отырып, тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің және тарифтік сметалардың жобаларына қосымша қаржылық және (немесе) техникалық сараптама жүргізеді.

1-1. Жария тыңдаулар өткізген кезде уәкілетті орган кемінде он күн бұрын оларды өткізудің күні мен орны туралы мерзімді баспасөз басылымдарында ақпарат

ж а р и я л а у ғ а

м і н д е т т і .

Ж а р и я т ы ң д а у л а р :

1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына , жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейлерін бекіту кезінде - бекіту туралы түбегейлі шешім қабылдаудан кемінде он бес күн бұрын;

2) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына , жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, жұмыстарды) бекіту кезінде бекіту туралы түбегейлі шешім қабылдаудан кемінде жеті күн бұрын өткізіледі.

Жария тыңдаулар өткізудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

1 6) 1 8 - б а п т а :

тақырыбы "Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін " немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "субъектісі қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын)" деген сөздер "субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

"3. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын бекіту екі тоқсанда бір реттен жиі жүргізілмейді. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) енгізу тоқсанның бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.";

4-тармақ "тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен б е к і т у :

1) жаңадан құрылған табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына);

2) осы Заңның 4-бабы 2-тармағына сәйкес енгізілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жаңа түрлеріне;

3) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) өзге түрлері бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізіліп қойған табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (

тауарларының, жұмыстарының) жаңа түрлеріне жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген табиғи монополиялар субъектілері тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды жалпы тәртіппен қайта қарау үшін алты айдан кешіктірмей өтінім жасауға міндетті.

Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) онайлатылған тәртіппен бекіту тәртібін осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Жасалған мәміленің немесе банкрот деп танылған борышкер - табиғи монополия субъектісінің конкурстық массасын сатудың нәтижесінде активтері өз меншігіне түскен табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) осы активтердің немесе конкурстық өндіріс процесінде өндіріп алынатын мүліктің меншік иелері үшін уәкілетті орган бұрын бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) немесе олардың шекті деңгейлері және тарифтік сметалары бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекітуге өтінім ұсынғанға дейін, бірақ алты айдан аспайтын мерзімде ұсынады.";

6-тармақ "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін " және тарифтік сметаларды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Уәкілетті орган тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейін бекіткен кезде тарифтің (бағаның, алым ставкасының) белгілі бір шамасының қолданылу мерзімі белгіленеді.

Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейін енгізу тиісті жылдың бірінші қаңтарынан немесе бірінші шілдесінен бастап жүзеге асырылады.";

17) 18 - 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "қызметін" деген сөз "реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер табиғи монополия субъектісінің иелігінен айыратын мүліктің немесе ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген, оған қатысты өзге де мәмілелер жасалатын мүлкінің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, олар табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің өсуіне, тұтынушылармен жасасқан шарттардың бұзылуына, берік байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) тоқтап

қалуына не көлемінің едәуір кемуіне әкеп соқпайтын жағдайда табиғи монополия субъектісінің мүлкін иеліктен айыруға және (немесе) оның мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мүлікті жалға алу шартын жасасу табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің артуына, тұтынушылармен жасалған шарттардың бұзылуына, берік байланыстағы технологиялық жүйенің бұзылуына, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) тоқтап қалуына не көлемінің едәуір кемуіне әкеп соқпайтын жағдайда табиғи монополия субъектісінің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнынан 0,05 процент астам болатын реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікті жалға алуына;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) табиғи монополия субъектісінің осы Заңда рұқсат етілген өзге де қызметті жүзеге асыруына;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жеке немесе заңды тұлғалардың (немесе адамдар тобының) табиғи монополия субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) оннан астам процентін сатып алуына;"

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органмен оның құзыреті шегінде немесе табиғи монополия субъектісі Табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілсе және (немесе) коммуналдық меншікте болса, мемлекеттік органды жергілікті атқарушы және өкілді органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жағдайларды қоспағанда, жергілікті атқарушы органмен бірлесіп бекітеді.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағының 1)-4), 5) тармақшаларында аталған іс-әрекеттерді жасау үшін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінімді ұсынуға және шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты хабарлауға міндетті.

Өтінім беру үшін құжаттар тізбесін, оларды ұсыну және қарау тәртібін уәкілетті о р г а н б е л г і л е й д і .

Осы баптың 1-тармағының 4-1) тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттерді жасау

үшін жеке немесе заңды тұлға ақпаратты уәкілетті органға алдын ала жолдауға міндетті";

18) 18-2-бап алып тасталсын;

19) 18-3-баптың 3-тармағы "ұсынылатын" деген сөзден кейін "реттеліп көрсетілетін" деген сөзбен толықтырылсын;

20) 18-4-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызмет көрсетулерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алу осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендер нысанында жүзеге асырылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сатып алуды жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Осы талап Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көбірек проценті немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, заңды тұлғалардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың сатып алуды жүргізу жағдайларына қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Табиғи монополия субъектісі өзінің аффилиирленген тұлғалары үшін конкурстың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде өкілдік етуге құқылы.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, табиғи монополия субъектісінің жабық конкурс өткізу жолымен сатып алуды жүзеге асыруына, бір көзден сатып алуына, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары беретін гранттарды, заемдар мен кредиттерді тартуына келісім беруге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Табиғи монополия субъектісінің екі және одан да көбірек аффилиирленген тұлғаларының, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген жағдайларды қоспағанда, аталған табиғи монополия субъектісі өткізетін тендерге (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.";

8-тармақ "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы бапта көзделген талаптар теңгерімдеуші электр энергиясын, орталықтандырылған сауда-саттықтардағы, спот рыногындағы электр энергиясын

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңдарына сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.";

2 1) 1 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ :

бірінші абзац "субъектілері" деген сөзден кейін ", мемлекеттік органдар," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "қолдануға" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "міндетті." деген сөз алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Заңға сәйкес келмейтін актілерді жоюға немесе өзгертуге міндетті.";

2-тармақ "негізіндегі" деген сөзден кейін ", сондай-ақ табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын талдау қорытындысы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

22) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

"19-1 бап. Уәкілетті органның ұйғарымдары

1. Уәкілетті органның ұйғарымдарын табиғи монополиялар субъектілері, мемлекеттік органдар, олардың басшылары шешімдерде (ұйғарымдарда) көзделген мерзімде, бірақ оларды алған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей орындайды.

2. Мемлекеттік органдар осы Заңды бұза отырып қабылданған актілерді жою немесе өзгерту туралы, не бастапқы жағдайдағы қалпына келтіру жөніндегі ұйғарымдарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган осы актілерді (толық немесе ішінара) жарамсыз деп тану туралы және (немесе) бастапқы жағдайдағы қалпына келтіруге мәжбүрлеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Табиғи монополия субъектісі ұйғарымды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган табиғи монополия субъектісін ұйғарымда көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы талап-арызды сотқа ұсынуға құқылы.";

2 3) 2 1 - б а п т а :

"тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметтер" деген сөз "реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 86-құжат; N 15, 139-құжат):

4-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің алтыншы абзацы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК